


20

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ





КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

САНАЛЫ
ӨСУ
УАҚЫТЫ





МАЗМҰНЫ



3
**ҚОЛДАНЫЛҒАН
ҚЫСҚАРТУЛАР**

4
**ТӨРАҒАНЫҢ
ҮНДЕУІ**

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры 2019 жылы «Саналы есу уақыты» – жинақ ақшалар және депозиттерді қорғау туралы ақпараттық науқанды бастады.

8
ҚОР ТУРАЛЫ

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі.

10
**КЕПІЛДІК
МӨЛШЕРІ МЕН
ОБЪЕКТИЛЕРІ**

Көптеген елдерде сақтандыру төлемі тек жеке тұлғалардың банктік шоттары мен депозиттеріне қолданылады.

15
**АРНАЙЫ
РЕЗЕРВ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

28
**ДКЖ
ТИІМДІЛІГІ**

29
**КЕПІЛДІК
БЕРІЛГЕН ӨТЕМ
ТӨЛЕУ**

32
**ДКЖ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫ**

Депозиттерді қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензия алған барлық банктер...


35
**КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ**

Қордың құрылтайшысы – ҚРҰБ. Жалғыз акционер ретінде ҚРҰБ Қордың жоғарғы органы ретінде әрекет етеді.

38
**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ**

2003 жылдан бастап Қор IADI-дің, оның Зерттеу комитетінің, екі аймақтық комитетінің мүшесі...

42
**АҚПАРАТТЫҚ-
ТҮСІНДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫ**



46
**ДЕПОЗИТ
НАРЫҒЫНЫҢ
ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

55
**ДКЖ
ДАМУ КЕЛЕШЕГІ**

60
**ДКЖ НЕГІЗГІ
ОҚИҒАЛАР
КҮНТІЗБЕСІ**

64
**20 ЖЫЛ
ДИНАМИКАДА**

66
**ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІК**



ҚҚҚ, Қауымдастық

Қазақстан
қаржыгерлерінің
қауымдастығы

Банк, қатысушы банк

ДКЖ қатысушысы болып
табылатын екінші
деңгейдегі банк

ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Агент банк

ДКЖ қатысушысы болып
табылатын және кепілдік
берілген өтемді төлеу
рәсімдерін жүзеге
асыратын банк

Қосылу шарты

жеке тұлғалардың
депозиттерін қабылдауға,
банк шоттарын ашу мен
жүргізуге лицензия алған
екінші деңгейдегі банктің
депозиттерге кепілдік беру
жүйесіне қосылу шарты.
Оның талаптарын Қор
анықтайды, ал нормалары
барлық қатысушы банктер
үшін міндетті болып табылады

ДКЖ, Жүйе

депозиттерге міндетті
кепілдік беру жүйесі немесе
депозиттерге кепілдік
беру жүйесі

ЕЭО

Еуразиялық
экономикалық одақ

Заң

«Қазақстан
Республикасының
екінші деңгейдегі
банктерінде орналастырылған
депозиттерге міндетті
кепілдік беру туралы»
Қазақстан Республикасының
Заңы

Қор

«Қазақстанның
депозиттерге кепілдік
беру қоры» АҚ

Консультативтік кеңес

депозиттерге кепілдік беру
жүйесіне қатысушы
банктердің мүдделерін
білдіретін және олардың
өкілдерінен құрылған алқалы
консультативтік-кеңесші
орган

ҚРҰБ

Қазақстан
Республикасының
Ұлттық Банкі

IADI

International Association
of Deposit Insurers
(Депозиттерді
сақтандырушылардың
халықаралық қауымдастығы)



ТӨРАҒАНЫҢ ҮНДЕУІ



Ақылжан Баймағамбетов

«Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қоры»
АҚ Төрағасы

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры 2019 жылы «Саналы өсу уақыты» – жинақ ақшалар және депозиттерді қорғау туралы ақпараттық науқанды бастады. Бұл науқанның ортасында меруерттің өсіп-жетілуі туралы метафора жатыр. Өткен жылы салымшылардың жаңа жинақ банк өнімдеріне деген қызығушылығы артқан кезде бұл метафора әсіресе қауіпсіз жинақ идеясына жақын болды: банк аз салымды капиталға айналдырады, ал депозиттерді заңнамалық қорғау өсуге қолайлы жағдай жасайды.

Сіз бұл метафораны басқа тұрғыдан қарастыра аласыз. Біздің елімізде жинақ ақшаны қорғау жүйесі бір күнде пайда болған жоқ: заңнама, үдерістер, кадрлар, сарапшылардың білімі – бәрі біртіндеп қалыптасып, жетілдірілді. 2019 жылдың 15 қарашасында Қазақстан Республикасында депозиттерге кепілдік беру жүйесінің құрылғанына тура 20 жыл толды.

Мерейтойлық 2019 жыл біз үшін нағыз сынаққа айналды. Біріншіден, Қор басқа тапсырмалармен қатар, нарықтық бағаны есепке алуға бағытталған депозиттер нарығын өзгерту жөніндегі ауқымды жұмысын жалғастырды. Бұл жұмыс 2018 жылы Қор енгізген депозиттік өнімдердің құрылымдық айырмашылықтарын ескере отырып, депозиттер нарығының кірістілік қисығын қалыптастыруға бағытталды.

Сонымен бірге депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді реттеу аясында Қор Ұлттық Банктің ақшанесие саясаты мен Қазақстанның банк жүйесіндегі нарықтық тенденциялар арасында белгілі бір теңгерімге қол жеткізді.

Екіншіден, таратылып жатқан екі банктің – Астана Банкі мен Эксим-банк Қазақстанның салымшылары Қордың тікелей қорғауына алынды. Сонымен бірге кепілдік берілген өтемді төлеуді ұйымдастыру үдерісі үшін ең маңызды мәселе – Қор тарапынан өтем төлеудің басталу уақыты болды, өйткені осы кезеңді есептеу үшін банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енгені қажет болды. Осы тәжірибені ескере отырып, Қор мен Қазақстанның Ұлттық Банкі кепілдік өтемақысын төлеуді бастау мерзімін қысқарту туралы, атап айтқанда, банкті тарату туралы сот шешімін күтпестен банк лицензиядан айырылған күннен бастау туралы мәселе көтерді. Бұл заңнамалық өзгерістер қолдауға ие болып, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істей бастады.

Үшіншіден, біз соңғы жылдары депозиттік өнімдерге деген қызығушылықтың артқанын байқадық. Әрдайым пайдалы және сенімді емес, көбіне түсінуге қиын әр түрлі ақпараттың көптігі қаржылық әл-ауқатқа кері әсер ететін шешімдер қабылдауға әкеп соғуы мүмкін. Қаржылық сауаттылық саласы орасан зор әлеуетке ие, бұл қаржыға байыпты көзқарасты қалыптастыруға, сондай-ақ ҚДКБҚ әлеуетті тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді. Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесінің операторы және депозиттер нарығын дамыту институты ретінде халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруды өзінің басымдықтарының біріне айналдырған.



Мен әр пунктке толығырақ тоқтала кетейін. Қор ұсынылатын сыйақылардың ең жоғары мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін сапалы түрде жаңартты. Жаңа әдістеменің мәні депозиттер нарығында әділ баға белгілеу болып табылады. Ол қарапайым және сонымен бірге ашық әдіснама: әр түрлі кезеңдерге арналған ұзақ мерзімді салымдар бойынша ұсынылатын ең жоғары пайыздық мөлшерлемені есептеу үшін Қор орташа алынған нарықтық мөлшерлемені есептейді, ал қысқа мерзімді депозиттер үшін ол нарықтық мөлшерлеме немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі негізінде есептеледі. Нарықтық және базалық мөлшерлемелерге спредтер қарастырылған – депозит түріне байланысты 0,5-тен 1,0 пайыздық тармаққа дейін.

Жаңартулардың жиілігі де өзгерді: 2019 жылдың қыркүйегінен бастап Қор бұрынғы кезеңдегідей тоқсан сайын емес, ай сайын барлық кезеңдер үшін ұсынылатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерінің шкаласын шығарады. Жалпы, мөлшерлеме жиі өзгерген сайын, ол нарық қозғалысынан тыс қалмай, ақша құнының өзгеруіне ден қойып, жылдам әрекет етуге мүмкіндік береді. Дәл осындай тәсіл Ресейде де қолданылады, онда ұқсас көрсеткіш ай сайын қайта қаралады; АҚШ-та жоғарғы мәндер апта сайын жарияланады. Нәтижесінде біз тікелей әкімшілік реттеуден депозит нарығындағы жағдайды объективті есепке алуға көштік.

Сыйақының деңгейіне сәйкес депозиттерді құрылымдық тұрғыдан бөлу, салымшыларға ақшаны мерзімді және жинақ салымдарға ұлғайтылған пайыздық мөлшерлеменен ұлттық валютада орналастыруға айтарлықтай ынталандырады. Мұндай депозиттер, жоғары нақты кіріс пен Қордың кепілдемесінің жоғарылауына байланысты, артықшылықты сегменттен жаппай сегментке ауысады және экономикалық

белсенді қазақстандықтардың басым бөлігіне тартымды бола түседі. 2019 жылы біз негізгі драйвері жинақ салымдары болған теңгелік депозиттердің өсуінің жеделдеуін байқадық.

Жыл соңына дейін толықтырусыз ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша шекті табыстылық жылына 14-14,6%-ды құрады сонымен қатар біз 2020 жылды жоғары пайыздық мөлшерлемелер мен тартымды қаржыландыру көзі ретінде жинақ салымдары бойынша толыққанды бәсекелестік жағдайында бастаймыз.

Сонымен қатар нарықтың кейбір ойыншылары жаңа ресурстар бойынша бәсекелестік тұрғыда күрес жүргізіп, қаржылық тұрақтылықты қалыптастыру кезінде, екі қатысушы банк нарықтан кетті. Бұл Астана Банкі мен Эксимбанк Қазақстан. Бұл банктер кепілдендірілген депозиттерінің жалпы көлемі 37,8 млрд теңгені құрайтын 268 мың жеке тұлғаға қызмет көрсетті. 2019 жылы Қордың резервінен төленген ақша сомасы тұрғысынан да, салымшылардың саны жағынан да рекордтық көрсеткіш тіркелді. Төлемнің жалпы сомасы 37,4 млрд теңгені құрады.

Таратылып жатқан екі банктегі депозиттердің жалпы көлемінің 95,5%-дан астамын Қор сақтандырды, ал салымшылар кепілдік берілген сома шегінде салым сомасын қайтарып алуға мүмкіндік алды. Арнайы резервтің жеткіліктілігі – бұл салымшыларды қорғау үшін де, тұтастай алғанда депозит нарығы үшін де Қор қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіші. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Қордың арнайы резервінің мақсатты мөлшері қатысушы банктердегі барлық кепілдендірілген салымдар сомасының кемінде 5%-ын құрауы керек. 2019 жылдың соңында бұл көрсеткіш нормативтік мәннен асып, 6,6%-ды құрады.




Тәжірибеге сүйенетін болсақ, таратылып жатқан банктердің әрқайсысында салымдары аз салымшылар өтем алуға асықпайды. Мысалы, қазірдің өзінде екі банк үшін төлемдердің бірінші айында Қор міндеттемелердің бастапқы сомасының шамамен 95%-ын төледі, бірақ бұл агент банкке жүгінген салымшылардың тек 16%-ын құрайды.

Болашақта салымшылар алдындағы міндеттемелерін толыққанды орындау үшін іргелі тәсілдің қажеттілігін мойындай отырып, Қор салымшыларды тікелей агент банкке шақырмай-ақ, ақшаны онлайн тәртібінде төлеу мүмкіндіктерін іздей бастады.

Халықпен жұмысты жақсарту мақсатында Қор жыл басында Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығымен бірлесіп, қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша халықаралық конференция ұйымдастырды. Сонымен қатар Қор 16 банкпен бірлесіп, ауқымды зерттеу жүргізді, нәтижесінде салымшылардың басымдықтары мен қаржылық тәуекелдерді түсіну деңгейі анықталды.

Зерттеу нәтижелері kdif.kz корпоративтік сайты қайта іске қосуға мүмкіндік берді, ол азаматтардың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, салымдар мен жинақтаудың қауіпсіздігі бойынша ақпараттық білім қорына айналды. Ақпаратты алу ыңғайлылығын арттыру мақсатында біз толыққанды байланыс орталығын іске қостық.

Біз үшін қаржылық тұрақтылықты сақтау – уақыт талабын орындау, халықаралық стандарттарға сай болу және қазақстандық банктердің салымшыларының үміттерін қанағаттандыру дегенді білдіреді және біз Қазақстан Ұлттық Банкіне, Қордың Директорлар кеңесіне, ҚҚК, Қордың Консультативтік кеңесі құрамындағы банк секторының өкілдеріне 2019 жылы және барлық 20 жыл бойы ынтымақтастық пен жан-жақты қолдау көрсеткендері үшін ризашылығымызды білдіреміз.



ҚОР ТУРАЛЫ

КЕПІЛДІК
МӨЛШЕРІ
МЕН
ОБЪЕКТИЛЕРІ





ҚОР ТУРАЛЫ



Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі Қазақстанда 1999 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Депозиттерді сақтандырушылар халықаралық қауымдастығының (IADI) деректеріне сәйкес 143 елде осындай сақтандыру жүйелері бар. Ең алғашқысы 1933 жылы АҚШ-та пайда болған.

Экономикалық дағдарыстан кейін елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатында Қазақстан Респу-

бликасы Президентінің бастамасымен ҚРҰБ Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 393 қаулысына сәйкес «Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры» ЖАҚ құрылды (2004 жылы «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ болып өзгертілді), құрылтайшысы және жалғыз акционері ҚРҰБ болып табылады.

1

ҚОР МИССИЯСЫ

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері салымшыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға тиімді қатысушы болу.

2

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМА

Қор:


- депозиттерге тиімді кепілдік беру жүйелері үшін IADI негізгі қағидаларына сәйкес болуға;
- миссияны үздік әлемдік тәжірибелерді пайдалана отырып жүзеге асыруға ұмтылады.

3

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;
- қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда кепілдендірілген салымдар иелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау* .

* 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған жағдайда



4

ҚОРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

ҚОРДЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ:

- кепілдік берілген өтемді төлеу;
- ДКЖ қатысушы банктердің тізілімін жүргізу;
- кепілдік берілген өтемді төлеудің арнайы резервін қалыптастыру;
- активтерді инвестициялау;
- Қордың басқару органы айқындайтын тәртіппен конкурстық негізде агент банкті таңдау;
- банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру операциясына қатысу;
- қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалған уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айыру кезеңінде тағайындалған уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- Қор алдында төленген немесе төленетін кепілдік берілген өтем сомасы бойынша берешек өтелген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясының және кредиторлар комитетінің құрамына қатысу.



КЕПІЛДІК МӨЛШЕРІ МЕН ОБЪЕКТІЛЕРІ



Көптеген елдерде сақтандыру төлемі тек жеке тұлғалардың банктік шоттары мен депозиттеріне қолданылады. Бұл әсіресе жаңадан құрылған жүйелерге тән. Неғұрлым озық жүйелер кепілдік объектілерінің тізімін кеңейтеді және сақтандыру қорғанысын шағын және орта бизнестің, басқа заңды тұлғалардың шоттарына, депозиттік сертификаттарға, ислам банктіктерінің депозиттеріне және т.б. қолданады.

Қазақстан Республикасында ДҚЖ

басталғаннан бастап кепілдік объектілері - депозиттер, есеп айырысу шоттары және банк клиенттерінің – жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің төлем карталарындағы ақшалар болып табылады.

Банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі² заңды күшіне енгеннен кейін банктік шоттың, картаның және/немесе салымның иесі кепілдік берілген өтемің ең жоғары мөлшері шегінде ұлттық валютада кепілдік өтемақы алады.

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ КЕПІЛДІК СОМАСЫ:

- ұлттық валютадағы жинақ салымдары бойынша **15 миллион теңгені**;

- ұлттық валютадағы басқа салымдар бойынша **10 миллион теңгені**;

- шетел валютасындағы салымдар бойынша **5 миллион теңгені** (банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі³ заңды күшіне енген күні белгіленген валюта бағамы бойынша балама) құрайды.

Егер салымшының бір қатысушы банкте депозиттің түрі мен қандай валютада ашылғандығына қарай әр түрлі бірнеше салымы болса, онда барлық салымдар бойынша соманың жиынтық қалдығына кепілдік беріледі, бірақ кепілдік өтемақысының максималды мөлшерінен аспайды – депозиттің әр түрі бойынша шекті сомаларды ескере отырып, 15 миллион теңге.

Кепілдік өтемінің шекті мөлшерінен


асатын салымның қалдығы, салымшы банктің мүліктері мен активтерін сату нәтижелері бойынша «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында белгіленген кезектілік тәртібімен мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан алуға құқылы.

Бір емес, бірнеше банкте орналасқан депозиттерге кепілдік өтемақысының максималды мөлшеріне дейін жеке-жеке кепілдік беріледі. Сондықтан жинақ ақшаларды қамтамасыз ету үшін Қор депозиттерді әр түрлі банктерге орналастыруды ұсынады.

Қордың кепілдігі жеке тұлғалардың металл шоттарына, банк сейфіне салынған ақшалар мен құндылықтарға, заңды тұлғалардың депозит сертификаттары мен депозиттеріне, сондай-ақ ислам банктіктерінде орналастырылған салымдарға қолданылмайды.

² 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қатысушы банкті лицензиясынан айырғаннан кейін алады.

³ 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қатысушы банкті лицензиясынан айыру күні белгіленген валюта бағамы бойынша.



20 жыл ішінде теңгелік депозиттер бойынша кепілдік өтемақының шекті мөлшері бірнеше рет қайта қаралды.

1999-2002 жылдар аралығында 200 мың теңгеге дейінгі депозиттер толық


кепілдендірілді, ал осы мөлшерден асатын салымдар үшін кепілдік салым сомасына байланысты әр түрлі мөлшерде қолданылды.

1-кесте.
1999 ЖЫЛДЫҢ 24 ҚАРАШАСЫНАН БАСТАП КЕПІЛДІКТІ ҚАМТУ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДАҒЫ САЛЫМДАР	КЕПІЛДІКТІ ҚАМТУ
200 мың теңгеге дейін	100%
200 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін	200 мың теңге плюс 200 мың теңгеден асатын соманың 80%-ы
400 мың теңгеден 600 мың теңгеге дейін	200 мың теңге плюс 200 мың теңгенің 80%-ы плюс 400 мың теңгеден асатын соманың 60%-ы
600 мың теңгеден 800 мың теңгеге дейін	200 мың теңге плюс 200 мың теңгенің 80%-ы плюс 200 мың теңгенің 60%-ы плюс 600 мың теңгеден асатын соманың 40%-ы
800 мың теңгеден 1 миллион теңгеге дейін	200 мың теңге плюс 200 мың теңгенің 80%-ы плюс 200 мың теңгенің 60%-ы плюс 200 мың теңгенің 40%-ы плюс 800 мың теңгеден асатын соманың 20%-ы
1 миллион теңгеден астам	200 мың теңге плюс 200 мың теңгенің 80%-ы плюс 200 мың теңгенің 60%-ы плюс 200 мың теңгенің 40%-ы плюс 200 мың теңгенің 20%-ы плюс 1 миллион теңгеден асатын соманың 10%-ы. Сонымен бірге қатысушы банктің бір салымшысына төленетін өтемақының ең жоғары мөлшері 1 миллион теңгені құрады.

2-кесте.
2000 ЖЫЛДЫҢ 24 ҚАРАШАСЫНАН БАСТАП КЕПІЛДІКТІ ҚАМТУ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДАҒЫ САЛЫМДАР	КЕПІЛДІКТІ ҚАМТУ
200 мың теңгеге дейін	100%
200 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін	200 мың теңге плюс 200 мың теңгеден асатын соманың 80%-ы
400 мың теңгеден 600 мың теңгеге дейін	360 мың теңге және 400 мың теңгеден асатын соманың 60%-ы
600 мың теңгеден 800 мың теңгеге дейін	480 мың теңге және 600 мың теңгеден асатын соманың 40%-ы
800 мың теңгеден 1 миллион теңгеге дейін	560 мың теңге және 800 мың теңгеден асатын соманың 20%-ы
1 миллион теңгеден астам	600 мың теңге және 1 миллион теңгеден асатын соманың 10%-ы



Карталар, шоттар мен шетел валютасындағы салымдар бойынша кепілдік өтемақысының мөлшері ұлттық валютадағы сомаға сәйкес келді және ҚРҰБ ресми бағамы бойынша анықталды.

2002 жылдың 1 шілдесінен бастап валюта түріне байланысты кепілдік өтемақысының әр түрлі мөлшері белгіленді. Кепілдік ұлттық валютадағы 400 мың теңгеден аспайтын мерзімді салым сомасын, сондай-ақ қатысушы банктен ҚРҰБ ресми қайта қаржыландыру мөлшерінің 50%-ы шегінде барлық банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиядан айырылғанға дейін есептелген сыйақыны қамтыды. Ұлттық валютадағы талап етілмелі салымдар бойынша кепілдік өтемақысының максималды мөлшері 50 мың теңгені құрады, кепілдік есептелген сыйақыға қолданылмады.

АҚШ долларында және еуро-да мерзімді салымдар бойынша кепілдеме – есептелген сыйақыларды қоспағанда, депозит сомасының 90%-ы, бірақ ҚРҰБ ресми бағамы бойынша есептелген, шетелдік валютадағы 360 мың теңгеге баламалы мөлшерден аспайды.

2003 жылдың 1 қыркүйегінен бастап салым бойынша кепілдік өтемақының максималды мөлшері оған есептелген пайыздарсыз 400 мың теңгені құрады. Қатысушы банкте түрі мен валютасына қарай бірнеше депозиттер ашылған жағдайда, өтемақының жалпы сомасы 400 мың теңгенің баламасынан аспайды.

Кепілдік өтемақысының мөлшерін Халықаралық валюта қорының ұсынымдарына сәйкес келтіру үшін, оған сәйкес өтемақының мөлшері жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің бір-екі мөлшерінен кем болмауы керек, 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап өтемақы мөлшері ұлғайтылды және 700 мың теңгені құрады. Бұл өсім салымшылар саны мен салымдар мөлшері бойын-



ша кепілдендірудің толық қамтылуын арттыруға мүмкіндік берді.

2008 жылы әлемдік қаржы дағдарысы басталған кезде өтемақы мөлшері 700 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Кейінірек депозиттердің кетуіне жол бермеу және салымшылардың елдің банк жүйесіне деген сенімін сақтау жөніндегі дағдарысқа қарсы шаралардың бірі ретінде өтемақының ең жоғары мөлшері 5 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды.

Ел экономикасын долларсыздандыру саясатын іске асыру шеңберінде 2015 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қол қойды. Оған сәйкес жеке тұлғаларға ұлттық валютада Жүйеге қатысушы банктерде орналастырылған жеке тұлғалардың салымдары бойынша кепілдендірілген өтемақының шекті мөлшері 5 миллионнан 10 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл ретте шетел валютасындағы депозиттер бойынша кепілдік өтемақысының ең жоғары мөлшері сол деңгейде қалды – 5 миллион теңгеден аспайды.

2018 жылы ұзақ мерзімді өтімділік нарығын құру және банк жүйесінде тұрақты қаржыландыруды қалыптастыру шаралары аясында нарықта депозиттердің жаңа түрі – жинақ салымы пайда болды. Ұлттық валютадағы жаңа депозиттік салым түрінің тартымдылығын арттыру үшін кепілдік өтемақысының шекті мөлшері 15 миллион теңге болып белгіленді.

1-график.
КЕПІЛДІК ӨТЕМІНІҢ МАКСИМАЛДЫ
МӨЛШЕРІНІҢ ӨЗГЕРУ СЕРПІНІ



2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап депозиттердің әр түрі бойынша кепілдік өтемақысының максималды мөлшеріне депозиттегі қалдық сомасы ғана емес, сонымен бірге қатысушы банктің барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылған күнге дейін есептелген сыйақы да кіреді.




**АРНАЙЫ
РЕЗЕРВ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**ДҚЖ
ТИІМДІЛІГІ**

**КЕПІЛДІК
БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ
ТӨЛЕУ**



АРНАЙЫ РЕЗЕРВ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Кепілдік өтемақысын төлеу үшін Қор:

- Қор есебінен оның жарғылық капиталы мөлшерінің 70%-ы шегінде;
- қатысушы банктердің жарналары есебінен;
- қатысушы банктерге Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қолданылған тұрақсыздық айыбы есебінен;
- мәжбүрлеп таратылған қатысушы банктің кепілдік өтемақы сомалары бойынша Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша есебінен;
- арнайы резервтің активтерін орналастырудан түскен кірістер есебінен;

- Қордың жарғысында белгіленген тәртіппен шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерді орналастырудан түскен кірістер есебінен арнайы резерв қалыптастырады.

Арнайы резерв тек кепілдік өтемақысын төлеуге және банк мүлкінің мөлшері мен басқа банкке (банктерге) аударылған кепілдендірілген салымдар бойынша міндеттемелер сомасы арасындағы айырманы толтыру үшін ғана пайдаланылуы мүмкін. Заңға сәйкес Қордың арнайы резервінің мақсатты мөлшері қатысушы банктердегі барлық кепілдендірілген салымдар сомасының кемінде 5%-ы құрайды.

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Қордың бастапқы жарғылық капиталы 1 миллиард теңгені құрады (бір акцияның құны 200 мың теңге).

«Валют-Транзит Банк» АҚ-тың мәжбүрлеп таратылуына байланысты және арнайы резервтің жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында ҚРҰБ 2007

жылдан бастап жарғылық капиталды кезең-кезеңімен көбейтуді қолға алды: 2009 жылы ол 110 млрд теңгені құрады, 2010 жылдан 2017 жылға дейін ол 10%-ға артты және 235,8 миллиард теңгеге жетті.

3-кесте.

ҚОРДЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ МӨЛШЕРІНІҢ ӨЗГЕРУ СЕРПІНІ

жыл	жарғылық капитал мөлшері	жарғылық капиталдың өзгеруі
2000	1 000 000 000	
2007	6 000 000 000	5 000 000 000,00 500%
2007	16 000 000 000	10 000 000 000,00 167%
2008	30 000 000 000	14 000 000 000,00 88%
2008	70 000 000 000	40 000 000 000,00 133%
2009	110 000 000 000	40 000 000 000,00 57%
2010	121 000 000 000	11 000 000 000,00 10%
2011	133 100 000 000	12 100 000 000,00 10%
2012	146 410 000 000	13 310 000 000,00 10%
2013	161 051 000 000	14 641 000 000,00 10%
2014	177 156 000 000	16 105 000 000,00 10%
2015	194 871 600 000	17 715 600 000,00 10%
2016	214 358 600 000	19 487 000 000,00 10%
2017	235 794 400 000	21 435 800 000,00 10%
2018	235 794 400 000	0,00
2019	235 794 400 000	0,00



АРНАЙЫ РЕЗЕРВ ТАПШЫЛЫҒЫ

2010 жылға дейін Қордың арнайы резервінің мақсатты мөлшері қатысушы банктердегі барлық кепілдендірілген салымдар сомасының 1,4% немесе жарғылық капиталдың 50%-ын ескере отырып, 4,7%-ды құрады. Осыған байланысты 2010 жылы Қордың жарғылық капиталын жыл сайын ұлғайту туралы шешім қабылданды және жарғылық капиталдан шығыстар үлесі 50%-дан 70%-ға дейін ұлғайтылды, оның шеңберінде арнайы резерв қалыптасты. Қабылданған шешімдердің нәтижесінде 2017 жылға қарай жарғылық капиталдың 70%-ын ескере отырып, Қордың арнайы резервінің мақсатты мөлшері 5% немесе 6,4%-ға жетті. Осыған байланысты Қордың жарғылық капиталын одан әрі ұлғайту тоқтатылды.

БАНК ЖАРНАЛАРЫ

2003 жылдың қыркүйегіне дейін Қор келесі міндетті күнтізбелік жарналардың мөлшерлемелерін белгіледі:

1) 25% мөлшерінде жеке тұлғалардың салымдарына ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарнасының жеке тоқсандық мөлшерлемесі;

2) банктер жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) жүйесіне енген кездегі алғашқы міндетті күнтізбелік жарнаның мөлшерлемесі - 0,375% мөлшерінде.

2003 жылғы 1 қыркүйектен бастап, Ережеге сәйкес міндетті күнтізбелік жарналардың мөлшерлемелері банктің Жүйеге қатысу кезеңіне байланы-

сты тоқсан сайын белгіленді:

1) алғашқы екі жыл ішінде – қатысушы банктің кепілдендірілген салымдары сомасын кепілдендірілген салымдары сомасының 0,25%-ы;

2) кейінгі жылдары қатысушы банктің кепілдендірілген салымдары сомасының 0,16%-ы.

2007 жылы қатысушы банктердің қаржылық жағдайына және олардың саясатының басқыншылық дәрежесіне байланысты міндетті күнтізбелік жарналарды төлеудің әділ жүйесін енгізу мақсатында Қор «БАТА» («Банктерді Талдау» сөз тіркесінің қысқартылған түрі) жарналардың сараланған мөлшерлемелерінің жаңа жүйесін іске қосты.

Жаңа жүйеге сәйкес жарналардың мөлшерлемелері, негізінен қатысушы банктің қаржылық жағдайына сүйене отырып, саңдық және сапалық көрсеткіштердің мәндерінен есептелген жиынтық балл түрінде анықталады. Қатысушы банктің қаржылық тұрақсыздығы мен тәуекел деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның күнтізбелік жарнасының мөлшері де соғұрлым жоғары болады. Дифференциалды мөлшерлемелер жүйесінде барлығы бес жіктеу тобы бар, олардың ішіндегі ең жақсысы «А» тобы, нашары, сәйкесінше «Е» тобы.

⁴ ҚРҰБ Басқармасының 2000 жылғы 24 мамырдағы №248 қаулысымен бекітілген жеке тұлғалардың салымдарына ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушы банктің міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесін белгілеу әдістемесіне сәйкес.


⁵ ҚРҰБ Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі №201 қаулысымен бекітілген Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) және оған қатысуға Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріне міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің жұмыс істеу ережелері.



4-кесте.

2007 ЖЫЛДАН БАСТАП МІНДЕТТІ КҮНТІЗБЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

ЖІКТЕУ ТОБЫ



2008 жылғы наурызда қаржы дағдарысы кезеңінде банк жүйесінің өтімділігін сақтау үшін Қор барлық сыныптау топтары үшін күнтізбелік жарналар мөлшерлемесін 25%-ға төмендету туралы шешім қабылдады.

5-кесте.

2008 ЖЫЛДАН БАСТАП МІНДЕТТІ КҮНТІЗБЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

ЖІКТЕУ ТОБЫ



2013 жылдан бастап жеке тұлғаларға сыйақы мөлшерлемесі Қор ұсынғаннан жоғары депозит ұсынатын банктер үшін жарна мөлшерлемесі 0,5% болатын жаңа «S» тобы енгізілді.

6-кесте.

2013 ЖЫЛДАН БАСТАП МІНДЕТТІ КҮНТІЗБЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

ЖІКТЕУ ТОБЫ



⁶ Заңның 12-бабына сәйкес қатысушы банктің міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшері қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттері сомасының 0,5 процентінен аспауға тиіс.



Сараланған мөлшерлемелер жүйесі үнемі жаңартуды және қаржы нарығындағы жағдайға бейімделуді қажет етеді. Негізгі себептері – нормативтік стандарттар мен тәсілдердің, есеп жүргізу ережелерінің, банк секторындағы елеулі құрылымдық өзгерістердің, халықаралық тәжірибені ескере отырып, банктерді бағалау тәсілдерін жетілдірудің өзгеруі.

Банктерді бағалауға сараланымдық тәсілді қолдану міндетті күнтізбелік жарналарды Қордың қабылдаған тәуекелдеріне пропорционалды түрде алуға, сондай-ақ қауіпті емес банктер әлеуеті тұрақсыз банктердің тәуекелдерін төлеген кезде банктерге қатысты белгілі бір кемсітушілікті жоюға мүмкіндік береді. Осы тәсілдің нәтижесінде банк жүйесіндегі ағымдағы тәуекелдер, банктерге түсетін ауыртпалық пен Қордың резервтік жеткіліктілігінің бар-ауырау деңгейі арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтауға болады.


Тәуекелге негізделген қадағалау парадигмасына дүние жүзі бойынша көшу – ағымдағы бағалау моделін құрылымдық қайта қарауды жүзеге асыруды көздейді. «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелері жүйесі өзінің істеп жатқан 12 жылында қазіргі кездегі банк жағдайын басшылыққа ала отырып, банктерді жіктеу және бөлу міндеттерін орындап келеді. Банктің бизнес модельдерінің күрделі сапасын, сондай-ақ банктің болжамды тәуекелдерді жүзеге асыруға қарсылығын бағалау модельдің негізгі мақсаты емес. Нәтижесінде қаржы

жүйесіндегі жалпы жүйелік тәуекелдердің күрт және айтарлықтай өсуімен, сондай-ақ банктер өздерінің маңызды проблемаларын жасыру үшін шаралар қабылдаған кезде, модельде бұл өзгерістерді толықтай ескеруге уақыт жоқ. Осы кемшіліктерді жою және модельді тәуекелге негізделген тәсілге бағыттау қажеттілігі шеңберінде Қор 2019 жылы тиісті жұмысын бастады және қазіргі модельді сапалы қайта қарау жобасын жүзеге асыруда.

Қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының мөлшері 2019 жылдың аяғында мәжбүрлеп таратылған банктердің салымшыларына өтемақы төлеуді ескере отырып, 242,9 млрд теңге болды.

2019 жылы қатысушы банктер төлеген күнтізбелік жарналардың жалпы сомасы 30,0 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 1,5 млрд теңгеге аз.

Бұл есепті жылы қатысушы 6 банктің позициясының жақсарып, жарна мөлшерлемесі төмен топтарға көшуіне байланысты орын алды.



ҰСЫНЫЛҒАН МАКСИМАЛДЫ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

2008 жылдың 1 шілдесінен бастап Қор қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу міндеті шеңберінде, сондай-ақ депозиттердің агрессивті тартылуын болдырмау мақсатында Жүйеге қатысушы банктер үшін эталон ретінде жеке тұлғалардың ұлттық және шетелдік валютадағы салымдары бойынша ұсынылатын ең жоғары пайыздық мөлшерлемелерін белгіледі.

Сонымен бірге қатысушы банктер ұсынған өнімге сыйақы мөлшерін Қор ұсынған мөлшерлемелерден жоғары мөлшерде белгілеуге құқылы.

2011 жылғы наурызда жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) бекітілді, оған сәйкес ең жоғарғы мөлшерлемелер ҚРҰБ белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сілтеме жасай отырып, әр алты айда бір рет белгіленді. Қажет болған жағдайда депозиттер нарығындағы жағдайдың күрт өзгеруімен жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшері әр алты айға қарағанда жиі қайта қаралды. Әдістемеге сәйкес, ең жоғары мөлшерлеменің мөлшері қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің, маржаның және спрэдтің сомасы ретінде есептелді.

Соңғы екеуінің көрсеткіштері Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

2017 жылға дейін жеке тұлғалардың салымдары бойынша ұсынылатын сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшері банктік салым шартында көрсетілген номиналды сыйақы мөлшерлемесіне байланысты болды. Банктер номиналды мөлшерлеменің берілген жоғарғы шегі бойынша жылдық тиімді сыйақы

мөлшерлемесіне (бұдан әрі – ЖТСМ) жету үшін депозиттердің талаптарына қатысты айла-шарғы жасап бақты.

Банктер депозиттерді көбірек тарту мақсатында бонустық және бонустық сыйақыларды, ақшалай сыйлықтарды есептеудің стандартты емес тетіктері бар депозиттік өнімнің әртүрлі түрлерін дамыта және енгізе бастағанын атап өткен жөн. Сонымен қатар жарнамалық мақсаттар үшін банктер номиналды пайыздық мөлшерлемені емес, ЖТСМ мөлшерін қолданды, демек, Қордың номиналды пайыздық мөлшерлемені реттеу мағынасы жоғалды.

Осыған байланысты, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қатысушы банктерге сәйкестікке ұсынылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің ең жоғары мөлшері номиналды мөлшерлемелерге емес, сыйақының нақты төлемдерінің мөлшерін көрсететін ЖТСМ-ге қатысты деп шешілді.

2018 ЖЫЛЫ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕ БЕКІТІЛДІ. МҰНЫҢ ЕКІ СЕБЕБІ БОЛДЫ:



1

банктерде мерзімді депозиттердің болмауы. Мерзімді салымдар іс жүзінде талап етілмелі депозиттерге айналды (оларды мерзімінен бұрын ішінара немесе толығымен алып қоюға болады, айтарлықтай айыппұлдарсыз, шектеусіз толықтырылуы мүмкін), бұл банктер үшін тұрақты қаржыландыру базасы бола алмады;

2

жүйелеудің, сондай-ақ салым шарттарына байланысты депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені белгілеудің нақты және түсінікті әдістемесінің болмауы. Бұрын сыйақы мөлшерлемесі салымның мерзіміне байланысты болмайтын, ал банктер бірдей мерзімі бар депозиттер бойынша әр түрлі мөлшерлемелер ұсына алатын.


Депозит нарығының проблемаларын шешу және банктер үшін тұрақты қаржыландыру базасын құру үшін Қор ҚРҰБ-мен бірге депозиттің жаңа түрін – жинақ салымы, «мерзімді депозит» терминінің анықтамасын және әр түрлі кезеңдерге арналған мөлшерлемелерді реттеуді, сондай-ақ депозиттерді толтыру құқығының құнын есепке алуды енгізді.

Осылайша 2018 жылдың 1 қазанынан бастап теңгемен депозиттердің жаңа жіктемесі, 2019 жылдың 1 маусымынан бастап – шетел валютасында: жинақ салымдары, мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін және келетін

депозиттер енгізілді. Сол кезеңнен бастап салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелері салым түріне, мерзімі мен толықтырылу құқығына байланысты белгіленеді, ал теңгелік салымдар үшін тоқсан сайын. Сонымен, толықтыру құқығынсыз депозиттердің әр түрі мен мерзімі бойынша ең жоғарғы пайыздық мөлшерлемелер орташа нарықтық мөлшерлемелер мен спрэдтердің қосындысы ретінде анықталды, ал толықтыру құқығымен депозиттер бойынша мөлшерлемені анықтау үшін, толтыру құқығынсыз салымдар бойынша мөлшерлемелер толықтырылу құқығының құнына түзетілді.

2-график.

01.07.2008 БЕН 01.01.2020 АРАЛЫҒЫНДА ҰСЫНЫЛҒАН МАКСИМАЛДЫ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ



* 01.10.2018 бастап ең жоғары мөлшерлемелер теңгедегі және шетел валютасындағы депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелердің ішінде – 12 айдан асатын жинақ салымдары бойынша көрсетілген



2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қор тұрғындардың ұлттық валютадағы депозиттері бойынша ұсынылатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін есептеу тәсілін өзгертті. Енді жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша ең жоғарғы мөлшерлемелер ай сайын белгіленеді. Сонымен қатар орташа алынған нарықтық мөлшерлеме немесе ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі депозиттің түріне және мерзіміне байланысты қаржыландыру құнын анықтау үшін эталонға айналады.



Мерзімділік шартына сәйкес келмейтін депозиттер бойынша мөлшерлеме базалық

мөлшерлеме мен спрэдтің қосындысы ретінде, ал жинақ салымдары мен мерзімдерге сәйкес келмейтін депозиттер үшін – нарықтық орташа немесе базалық мөлшерлеме мен спрэд арасындағы максималды мәндердің жиынтығы ретінде анықталады.

Бұл өзгерістер депозиттік мөлшерлемелердің нарықтағы ақша-несие жағдайларының өзгеруіне жедел жауап беруі және нарықтағы ақша құнының негізгі көрсеткіші ретінде базалық мөлшерлемеге тәуелді болуы үшін енгізілді.

7-кесте.

2019 ЖЫЛДЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

депозит санаты	 толықтырылатын	 толықтырылмайтын
1. Ұлттық валютадағы депозиттер		
1.1. Мерзімсіз		
	9,8%	9,8%
1.2. Мерзімді		
3 ай	10,3%	10,3%
6 ай	10,3%	10,3%
12 ай	11,4%	10,9%
24 ай	12,0%	10,9%
1.3. Жинақ		
3 ай	12,7%	12,7%
6 ай	13,6%	13,6%
12 ай	14,0%	12,9%
24 ай	14,6%	12,7%
2. Шетел валютасындағы депозиттер		
2.1. Мерзімсіз		
	1,0%	1,0%
2.2. Мерзімді		
12 айға дейін	1,0%	1,0%
12 ай немесе одан көп	2,0%	2,0%
2.3. Жинақ		
12 айға дейін	1,0%	1,0%
12 ай немесе одан көп	2,0%	2,0%



МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ ТАРАТЫЛЫП ЖАТҚАН ҚАТЫСУШЫ
БАНКТЕРДІҢ ҚОРДЫҢ ТӨЛЕНГЕН (ТӨЛЕНЕТІН)
КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМ СОМАЛАРЫ
БОЙЫНША ТАЛАПТАРЫН
ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ТӘРТІБІМЕН АЛҒАН
АҚШАЛАРЫ


60,3
млрд теңге,

2019 жылдың
31 желтоқсанындағы
жағдай бойынша
мәжбүрлеп таратылған
қатысушы банктерге
кепілдік өтемақысы
бойынша Қордың
талаптары



қанағаттандырылған
талаптар –
17,4
млрд теңге





Қордың «Валют-Транзит Банк» АҚ қатысты талаптары 56,23%-ға қанағаттандырылды (2019 жылға – 500 млн теңге); «Qazaq Banki» АҚ үшін 6,24%-ға (2019 жылға – 1 280 миллион теңге); «Астана Банкі» АҚ үшін 12,05%-ға (2019 жылға – 4 530 млн теңге); «Delta Bank» АҚ және «Эксимбанк Қазақстан» АҚ үшін

100%-ға (2019 жылға – сәйкесінше 43,1 млн теңге және 258,3 млн теңге). Сондай-ақ «Қазинвестбанк» АҚ кепілдік өтемақысын төлеуге ақшаны қайтару бойынша Қор алдындағы міндеттемелерін 100% және күнтізбелік төлемдер бойынша ішінара (3,5% немесе 0,3 млн. теңге) орындады.

8-кесте.

ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚОР ТАЛАПТАРЫ, МЛН ТЕҢГЕ



*Ескерту: (1) – кепілдік өтемінің мөлшеріне сәйкес;
*Ескерту: (2) – төленбеген міндетті күнтізбелік жарналар үшін, төлемді кешіктіргені үшін тұрқасыздық айыпақылары (бар болса).



Қордың жұмыс істеген кезеңінде кепілдік берілген өтем Жүйеге қатысушы мәжбүрлеп таратылған 7 банктің салымшыларына төленді.

Таратылған банктердің салымшыларына кепілдік өтемақы төлеуге бағытталған ақшаны қайтаруды жеделдету мақсатында Қор қызметкерлері таратылатын банктің кредиторлар комитетінің мүшелері болып қана қоймай, сонымен қатар төленген (төленетін) кепілдік өтемақысы бойынша Қор алдындағы қарыз толық өтелгенге дейін тарату комиссияларының құрамында банкті таратуға қатысады.

2016 жылы уәкілетті орган бірінші рет Қордың қызметкерін «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясының төрағасы етіп тағайындады, ол бойынша мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі 2007 жылғы 1 наурызда күшіне енді.


2017 жылы Қор қызметкерлері «Қазинвестбанк» АҚ активтері мен міндеттемелерін Жүйеге қатысушы «сау» банкке бір уақытта беру бойынша Қазақстандағы алғашқы операцияға қатысты.

2018 жылы «Delta Bank» АҚ-тың тарату комиссиясы аймақтық филиалдарды қоспағанда, толығымен Қор қызметкерлерінен құралды.

2018 жылдың аяғы – 2019 жылдың басында Қор қызметкерлері «Qazaq Banki» АҚ, «Астана Банкі» АҚ және «Эксимбанк Қазақстан» АҚ тарату комиссияларының мүшелері болды. Сонымен қатар Қордың қызметкері «Астана Банкі» АҚ тарату комиссиясын басқарды.

Қордың банктерді таратуға қатысу практикасы тарату процедураларын оңтайландыруға оң әсер етті. Мысалы, заңнаманы жетілдіру шеңберінде дебиторлық қарызды өндіріп алу мәселелерін сотқа дейін реттеудің жаңа тәсілдері қалыптасты, кредиторлар комитетінің өкілеттіктері кеңейді, банктің дебиторларымен бітімгершілік шарттар жасасуға мүмкіндік туды, банк активтерін электронды платформада сату бойынша жұмыс жүргізілуде.

АКТИВТЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУДАН ТҮСКЕН ТАБЫС



Қор активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты – олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қор активтерін сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ сенімгерлік келісімге және Инвестициялық стратегияға сәйкес жүзеге асырады. Қордың инвестициялық стратегиясы жоспарланған рентабельділікке жету, шығындар қауіпін азайту және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында активтерді инвестициялық басқарудың шарттарын анықтайды.

Активтер ҚРҰБ Басқармасының 2006 жылғы 29 қыркүйектегі №101 қаулысымен бекітілген, Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның

активтерін инвестициялау ережелерімен инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарына орналастырылған.

Қордың активтері 2003 жылға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің (ҚР ҚМ) облигацияларында және ҚРҰБ ноталарында орналастырылған. 2004-2005 жылдары Қордың қаржы құралдарының тізбесі кеңейтілді: Қор активтері «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ облигацияларына орташа кірістілігі 7-10% (2004 жылдан бастап) деңгейінде, Қазақстан Республикасының, АҚШ-тың және ЕО елдерінің мемлекеттік бағалы қағаздарында орналастырыла бастады – 6% (2005 жылдан бастап).

2011 жылы Қордың Директорлар кеңесі Қордың инвестициялық портфелінің валюталық компоненті дәлізінің мөлшерін 25-35% дейін азайту бөлігінде Инвестициялық стратегияға енгізілген өзгерістерді мақұлдау туралы шешім қабылдады.

2015 жылдан бастап арнайы резервтің активтері қаржы құралдарына келесідей бөлінген: 25-45% шетелдік валютада, 55-75% ұлттық валютада.

2016 жылы инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі халықаралық қаржы ұйымдарының минималды «А-» неселік рейтингті борыштық міндеттемелерімен (облигацияларымен) толықтырылды.

Осыған байланысты Қор активтерінің бір бөлігі эмитенті Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі (ЕКДБ) болып саналатын еурооблигацияларға орналастырылған.

Олардың сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасындағы инфляция деңгейімен байланысты. Сонымен қатар арнайы резервтік активтердің инвестициялық портфелінің құрамы квазимемлекеттік сектор эмитенттерінің бағалы қағаздарымен толықтырылды – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, «KEGOC» АҚ.

2018 жылы шетел валютасында көрсетілген құралдар инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдары тізімінен шығарылды. Инвестициялардың тиімділігін арттыру мақсатында қаржы құралдарының тізіміне халықаралық


қаржы ұйымдарының (ХҚҰ), ЕКДБ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің облигациялары, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ облигациялары, сондай-ақ неселік рейтингі ВВ/Вa3-тен кем емес ұйымдардың облигациялары енгізілді.

Осылайша Қордың активтері 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғары рейтингтері ВВ-/Вa3-тен төмен емес жоғары өтімді бағалы қағаздарға орналастырылды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары, ҚРҰБ ноталары, ЕКДБ облигациялары, ХҚҰ, «Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ облигациялары бар.

Заңның 7-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, Қор арнайы резервтің активтері мен өзінің активтерін бөлек есепке алуды жүргізуге міндетті. Осылайша 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қордың 327,1 миллиард теңге сомасындағы активтері (осы күнге) 2 инвестициялық портфельге бөлінді: меншікті активтер – 162,5 миллиард теңге және арнайы резерв – 164,6 миллиард теңге.


Қордың инвестициялық портфелінің жалпы мөлшері 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 845,9 млрд теңгені құрады, оның 260,6 млрд теңгесі меншікті активтері үшін және 585,3 млрд теңгесі арнайы резерв үшін.

9-кесте.
ҚОРДЫҢ АРНАЙЫ РЕЗЕРВІНІҢ ПОРТФЕЛІ (МЛН ТЕҢГЕ)



2019 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА

инвестициялық кіріс 55,9 млрд теңгені құрады, ал арнайы резервтің активтерінен қалыптасқан инвестициялық портфельден түскен кіріс 38,7 млрд теңгені, меншікті активтерден 17,2 млрд теңгені құрады.



АРНАЙЫ РЕЗЕРВКЕ САЛЫҚ САЛУ

Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» кодексіне (Салық кодексі) сәйкес міндетті күнтізбелік, банктерден қосымша және төтенше жарналардың мөлшері және Қордың өтелген депозиттер бойынша талаптарын қанағаттандыру мақсатында алынған ақша сомасы Қордың жылдық жиынтық кірісінен шығарылуға жатады.

2008 жылдан бастап Қор Қазақстан Республикасының Үкіметімен және уәкілетті органмен бірге арнайы резервтік активтер бойынша инвестициялық кірістерді салық салудан босату бойынша жұмыстар жүргізді. 2014 жылы жүргізілген

жұмыстардың нәтижесінде Салық кодексіне арнайы резервтік активтерін орналастыру нәтижесінде алынған кірістерді, сондай-ақ Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін банктерге қолданылған тұрақсыздық айыбы түрінде Қордың жылдық жиынтық кірісін алып тастау бөлігінде түзетулер енгізілді. Әрине, көрсетілген кіріс арнайы резервті ұлғайтуға бағытталған жағдайда.

2003-2008 жылдардағы дүниежүзілік қаржы дағдарысына дейін экономиканың қарқынды өсуі нәтижесінде құрылыс қарқыны мен экспорттық кірістермен қамтамасыз етілген (мұнай бағасының өсуі) экономикалық өсудің нәтижесінде депозиттердің өсімі байқалды. Дамудың осы кезеңінде депозиттердің өсуі және экономиканың сандық өсуі экономикаға мұнай экспортынан түсетін үстеме кірістен және тұрақты айырбас бағамы саясатының арқасында қалыптасты. Бұл әсер экономика мен депозиттердің экономиканың ішкі әлеуетін ескере отырып, олардың оңтайлы деңгейінен жоғары өсуіне мүмкіндік берді.

2008 жылғы қаржылық дағдарыстан шыққаннан кейін ұлттық валюта айтарлықтай әлсіреді (2009 жыл). Шетел валютасындағы депозиттерді қайта бағалау нәтижесінде депозиттердің жалпы сомасы айтарлықтай өсімді көрсетті. 2009 жылдың аяғында ЖіӨ-дегі халық салымдарының үлесі 11%-ды құрады (2015 жылға дейінгі рекордтық мән), ал шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 6,4%-ды құрады (2015 жылға дейінгі рекордтық мән). Алайда орын алған жағымсыз экономикалық құбылыстар жеке тұлғалар депозиттері нарығының жалпы динамикасына айтарлықтай әсер етпеді. Осы кезеңдегі негізгі теріс қысым банктерді қаржыландырудың негізгі көзі болып табылатын және макроэкономикалық жағдайлардың ауытқуына тәуелді корпоративті депозиттерге түсті.

Мұнай бағасының белсенді өсуінің кейіннен қайта басталуы және тұрақты бағам саясатының жалғасуы жалпы экономиканың өсуіне оң әсерін тигізді және, атап айтқанда, депозиттердің өсуіне қосымша серпін берді.

2010 жылдан 2013 жылға дейін халық салымдарының өсуіне халықтың әлауқатының артуы, экономикалық белсенділік және банктік несиелеу ықпал етті. Алайда 2013 жылдан бастап валюта бағамын ұстап тұру шараларына және экономикадағы жинақталған құрылымдық сәйкессіздіктерге байланысты, Қазақстан экономикасында АҚШ долларына деген сұраныс күрт өсті, бұл долларландырудың өсуіне әсер етті. Экономикада долларландырудың жоғарылауы теңге айналымының төмендеуіне әсер етті. Бұл несиелеу деңгейінің

төмендеуінен және соның салдарынан экономикадағы ақша түсімін несиелік кеңейту тетігі арқылы ұлттық валютадағы депозиттердің қосымша ағынының болмауынан көрінді.

2014-2015 жылдар аралығында мұнай бағасының күрт төмендеуі және соның салдарынан Қазақстанның экспорттық кірістерінің төмендеуі байқалды. Осы жағдайларда ҚРҰБ теңгенің айтарлықтай әлсіреуінің жаңа айналымын тудыратын құбылмалы бағам режиміне көшу туралы шешім қабылдады.


Ақша-кредит саясатындағы бірқатар реформалар арқылы ҚРҰБ экономикалық жағдайды тұрақтандырды. ҚРҰБ базалық мөлшерлемесін белгілеу механизмі ерекше маңызға ие болды, бұл экономикадағы ақша құнын уақтылы және толық реттеуді жүзеге асыруды бастауға мүмкіндік берді. Депозиттер нарығына жағымсыз әсерді азайту және экономиканы долларсыздандыруға серпін беру үшін ҚРҰБ базалық мөлшерлемесіне қатысты ұсынылған мөлшерлемелердің жоғары мәндері сақталды.

Шетел валютасындағы депозиттер бойынша төмен мөлшерлемелер бойынша теңгедегі депозиттер бойынша жоғары базалық мөлшерлемені және максималды ұсынылған мөлшерлемелерді сақтау нәтижесінде депозиттер нарығының сапалы дамуына ықпал ететін депозиттерді біртіндеп долларсыздандыруға қол жеткізілді.

2016 жылдан бастап дәл осы теңгелік несиелеу кеңейе бастады, оның ішінде ақша базасының қалыпты өсуімен теңгелік депозиттердің ұлғаюы есебінен кеңейе бастады, бұл еркін құбылмалы айырбас бағамы мен жоғары базалық мөлшерлемеге жанама ықпал етті. 2018 жылы экономикалық белсенділіктің жедел өсуі, сондай-ақ халыққа тұтынушылық несиелеудің жоғары өсу қарқыны теңгедегі депозиттердің белсенді өсуіне ықпал етті. Экономикада ақша ұсынуды несиелік кеңейту механизмі ұлттық валютадағы депозиттердің өсуіне айтарлықтай әсер ете бастады. Ол бұрын қаржы секторының жоғары дәрежеде долларлануымен және ақша-несие саясатының төмен трансмиссиялық әсерімен шектелген болатын.




3-сурет. ТЕҢГЕ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫН ЖӘНЕ
ЭКСПОРТТЫҚ ҚҰРАУШЫНЫҢ ӘСЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,
ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ



Осылайша халық депозиттерінің өсуінің қазіргі қарқыны ішінара ҚРҰБ ақша-несие арнасының экономикаға әсерін ұлғайтуға және экономикадағы ақшаның тиімді құнын көрсететін мөлшерлемені белгілеуге бағытталған жұмысының

нәтижесі. Салыстырмалы қолайлы макроэкономикалық жағдайлар халықтың депозиттерінің ойдағыдай өсуін (инфляцияны ескере отырып) сақтауға мүмкіндік береді.

4-сурет. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНДЕГІ ИНФЛЯЦИЯ
ДЕҢГЕЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР





2015 жылы басталған ағымдағы/карточкалық шоттардың айтарлықтай өсуі, банктермен белсенді карточкалық бизнеспен және осындай шоттар бойынша пайыздар алу мүмкіндігімен байланысты. Оларды халыққа ең танымал және өтімді етті. Осылайша осындай салымдардың үлесі 2015 жылдан 2019 жылға дейін 5,3 п.т. өсті (8,3%-дан 13,6%-ға дейін). Шоттар бойынша 2015 жылдан бастап, сондай-ақ карточкалық технологияларды дамытуға байланысты банктердің ағымдағы шоттарының едәуір ұлғаюы және банктердің осы шоттар бойынша сыйақы есептеу мүмкіндігі байқалды.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (ҚТҚЖБ) мен ипотека нарығының белсенді дамуы арқасында үкімет субсидиялайтын депозиттердің үлесі мен көлемі айтарлықтай өсті.

Бұл депозиттердің жүйедегі үлесі 2016 жылғы 5,2%-дан 2019 жылы 8,9%-ға дейін артты. ҚТҚЖБ депозиттері ипотекалық несиелендіру үшін пайдаланылады, коммерциялық банктерге мемлекеттің қатысуынсыз халықтың салымдарының нарықтық құрамын жанама түрде төмендетеді.


Бұл салымдардың ұлғаюы сондай-ақ экономикадағы құрылыс сегментінің өсуін де көрсетеді. Бұл қаражат үлкен мультипликативті әсерге ие, өйткені олар дереу және тікелей несиелендіруді кешейтуге бағытталған.

ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУЫ


Халықтың депозит нарығының құрылымында мерзімді және шартты салымдар басым. Алайда «мерзімді» деп аталғанына қарамастан, бұл депозиттер өздерінің шарттары бойынша ағымдағы шоттардан және талап етілмелі салымдардан іс жүзінде ерекшеленбеді. Нәтижесінде, банктерде халықтың депозиттерінен іс жүзінде тұрақты қаржыландыру болмады. 2018 жылы Қор мерзімділік өлшемшартына негізделген депозиттердің жаңа

жіктелімін енгізгеннен кейін жаңа ұзақ мерзімді депозиттік өнім – «жинақ салымдар» пайда болды, яғни тұрақты және ұзақ мерзімді қаржыландыру нақты қалыптаса бастады. Осылайша бір жыл ішінде халықтың депозиттерінің жалпы көлеміндегі нарықтық ұзақ мерзімді қаржыландыру үлесі, бір жағынан жинақ салымдарының өсуі есебінен 7,3 п.т. өсіп, 8,4%-ды құрады.

5-сурет. МЕРЗІМДІЛІК САНАТТАРЫ БОЙЫНША ДЕПОЗИТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БАНКТИК ТҰРАҚТЫ ҚОР ЖИНАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



6-сурет. ӘР ТҮРЛІ ДЕПОЗИТТИК ӨНІМДЕР БОЙЫНША КЛИЕНТТИК ШОТТАРДЫҢ ДИНАМИКАСЫ






ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНЫҢ ДОЛЛАРЛАНУЫ

Теңгенің айырбас бағамының ұзақ кезеңі және әлсіреу бағамына кезеңдік түзетулер Қазақстанның депозит нарығын шектен тыс долларландыру проблемасына алып келді. Оның ең белсенді кезеңдері мұнай бағасының құлдырауы мен халықтың

девальвациялық күтулерінің одан әрі өсу кезеңдеріне сәйкес келді. Сонымен қатар ұлттық валютаның тұрақты айырбастау бағамы режимі шеңберіндегі әрбір әлсіреуі долларландудың өсуін күшейтті.


7-сурет. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ДЕПОЗИТТЕРІНІҢ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ДОЛЛАРЛАНДЫРУ ДИНАМИКАСЫ



Осылайша 2014 жылдың соңына қарай долларландыру 67,5%-ды құрады. Теңгенің валютаға кең көлемде конверсиялануы банктердегі теңге өтімділігі тапшылығының пайда болуына әсер етті. Ал бұл өз кезегінде теңгелік несиелеудің айтарлықтай төмендеуіне әкелді. Еркін құбылмалы бағам режиміне көшкеннен кейін

халық салымдарының долларлануы рекордтық 79,2%-ға дейін өсті. Жалпы, долларландыру деңгейі 50%-дан жоғары (сыни деңгей) елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен әлеуетіне кері әсер етеді.

8-сурет. ТЕҢГЕ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ МЕН ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ДОЛЛАРЛАНУЫ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС



Еркін құбылмалы бағамды енгізу және ҚРҰБ экономикалық даму деңгейіне сәйкес келетін негізгі мөлшерлемесін белгілеу экономиканың долларлану деңгейін біртіндеп төмендетті. Бұл шаралар айырбас бағамының

депозиттердің валюталық құрылымына әсерін айтарлықтай төмендетуге және девальвациялық күтулердің депозиттер нарығында шамадан тыс проекциялануы жүйелік проблеманы жоюға ықпал етті.



ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫ БАНК БИЗНЕСІН ДАМУДЫҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ




Қазақстанның банк жүйесінің қалыптасуының бастапқы кезеңінде халық депозиттері корпоративті депозиттердің толық үстемдігімен қаржыландыруда шамалы үлесті иемденді (2004 жылғы банктердің жалпы міндеттемелерінің 18,5%-ы). 2008 жылға қарай сыртқы қарыз алудың өсуі нәтижесінде банктік қаржыландырудағы халықтың салымдарының үлесі 13,8%-ға дейін төмендеді. 2008 жылғы қаржылық дағдарысты еңсергеннен кейін және сыртқы қаржыландыруға қолжетімділікті қысқартқаннан кейін банктер үшін жеке депозиттердің маңыздылығы корпоративті қаржыландырудың салыстырмалы түрде әлсіз динамикасы аясында біртіндеп артып келеді. Тұрғындардың

депозиттерінің маңыздылығының өсуі Қазақстанның негізгі экономикалық институттарының қалыптасу уақытына қатысты қаржы секторының табиғи дамуы мен жақсаруымен тікелей байланысты. Нәтижесінде 2019 жылдың соңында банктердің жалпы қаржыландыруындағы халық салымдарының үлесі рекордтық 40%-ды құрады.


Жеке тұлғалардың депозиттері жоғары ұтқырлыққа ие және әртүрлі ахуалдық психологиялық әсерлерге ұшырайды. Бұл белгілі бір дәрежеде жүйеде өтімділіктің күрт қысқару қаупін арттырады («банкке шапқыншылық»).

9-сурет. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНІҢ ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫНЫҢ ӨСУІ



2016 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңдегі жалпы депозиттерден тұрғындар салымдарының үлесінің белсенді өсуі сонымен қатар корпоративті депозиттердің отандық қаржы жүйесінен ұзақ уақытқа кетуіне байланысты. Сонымен бірге бұл депозиттер негізінен шетел валютасында орналастырылды.

10-сурет. Жеке тұлғалар (Жүйеге қатысушы банктер) мен корпоративтік депозиттер нарығының әр түрлі сыртқы жағдайлар жағдайындағы даму динамикасы (мұнай бағасы)






Қазақстандағы корпоративтік депозиттердің өсуіне экономикалық өсудің табиғи тенденциясынан басқа, экспорттық кірістің динамикасы және шикізатқа сыртқы бағалар әсер етеді. Бөлшек депозиттердің өсуі көбінесе эндогенді болып табылады, бұл бірінші кезекте халықтың әл-ауқатының жағдайына, сондай-ақ қазыналық және ақша-несие саясатының қазіргі режимдеріне байланысты.

2015 жылға дейін теңгенің жеке қаржыландыруы корпоративті қаржыландыруға қатысты айтарлықтай төмен деңгейде қалды: корпоративті

сектор экономикадағы теңгенің өтімділігінің негізгі көзі болды.

Халықтың теңгелік депозиттерінің өсуінің негізгі шектеуші факторы – долларланудың жоғарылауы, теңгелік депозиттер бойынша бәсекеге қабілетсіз мөлшерлемелер және шетел валютасында жаппай несиелеуді жүзеге асыратын банктер тарапынан теңгелік қаржыландыруға деген қажеттіліктің төмендігі болды (белгіленген валюта бағамы режимінде шетел валютасындағы несиелерге сұраныстың өсуі байқалды).

11-сурет. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР (ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР) ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ



Долларландыруды төмендету және банктік несиелердің негізгі валютасын өзгерту бойынша қабылданған шаралар бөлшектік теңгемен қаржыландыруды 2019 жылы барлық депозиттердің рекордтық 50% деңгейіне дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Осылайша 2017 жылдан бастап бөлшек қаржыландыру жыл сайын оның жүйелік маңыздылығын және тұтастай алғанда банктік бизнеске әсер ету дәрежесін арттырады.


Соңғы 15 жылда банк секторы банктер

саны бойынша 33-тен 25 банкке дейін азайды. 2014 жылға дейін банк секторы (Жүйеге қатысушы банктер) орташа есеппен 35 қаржы институттарынан тұрды. 2014 жылдың аяғында олардың саны 37 банк болды. Алайда макроэкономикалық ортаның белгілі бір әлсіреуі және проблемалардың едәуір жинақталуы жүйеден шығу (лицензияларды қайтарып алу) және бірқатар банктердің бірігуі арқылы сектордың шоғырлануын жеделдетті.



Жеке тұлғалардың депозиттерін банктер арасында бөлу шеңберінде қазақстандық қаржы секторы 2018 жылға дейін орташа шоғырлану жағдайына жақындады.

12-сурет. БАНК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІНІҢ ШОҒЫРЛАНУЫ (ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР)



Алайда бірқатар банктердегі белгілі бір қиындықтардан соң және екі ірі институттың бірігуінен кейін жеке тұлғалардың депозиттері шоғырланудың жоғары шегіне жетті. Бұған қосымша әсер еткен фактор ретінде жекелеген банктерде карточкалық технологиялардың қарқынды даму-

ын айтуға болады. Осылайша 2019 жылдың аяғында бөлшек депозиттер нарығы дерлік олигополиялық жағдайда болды: 25 банктің 4 банкі бөлшек депозиттер нарығының 67%-ын басқарды (50%-ы 2 банктің үлесінде болды).



ДКЖ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

20 жыл ішінде Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесін, Қазақстан Республикасының заңнамасын және жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті үдерістерді жетілдіруге белсенді қатысып келеді. ДКЖ үшін мерейтойлық жыл да бұл үдерістен тыс қалмады.

ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІҢ ТӘУЕКЕЛДІК БЕЙІНІН БАҒАЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

2019 жылы таратылатын үш банктің («Астана Банкі» АҚ, «Эксімбанк Қазақстан» АҚ және «Qazaq Banki» АҚ) салымшыларына кепілдік өтемақысын төлеуге байланысты, Қордың күтілетін міндеттемелері туралы болжамды қалыптастыру мақсатында банктердің қаржылық жағдайын бақылау проблемасы бірінші орынға шықты.

2018 жылы «Делойт» ЖШС-нің аудиторлары 9 ХҚЕС-ына сәйкес күтілетін несиелік шығындарды бағалау шеңберінде қолданыстағы модельге талдау жүргізіп, бірқатар көрсеткіштер дефолтқа ұшыраған банктердің жағдайының нашарлауын көрсетпейтінін және қолданыстағы модель дефолт ықтималдығын бағалауға сәйкес келмейтіндігін анықтады. Ағымдағы модельді қайта қарау қажеттілігі қазіргі модельдің болжамдық күшінің төмендігіне, 2007 жылдан бастап модельді кешенді қайта қараудың болмауына байланысты туындады. Модель қаржы секторы жағдайының нақты көрінісін көрсетпейді. Нәтижесінде банк қабылдаған тәуекелдер Қордың салым мөлшерлемесіне сәйкес келмей қалды.

Банктердің нақты тәуекелдік бейінін бағалау мақсатында Қор 2019 жылы қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделін енгізу бойынша жұмыстарды бастады және аяқтап келеді. Ол банктердің қаржылық жағдайының өзгеруіне сезімтал болады және тәуекелдерді ерте бастан анықтауға мүмкіндік береді.

ҚАЖЕТТІ АҚПАРАТТЫ АЛУ ҮДЕРІСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

2019 жылдың қазанына дейін Қор өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттерді ФАСТИ деректерін Excel файлдары түрінде қауіпсіз жеткізу арнасы арқылы орындау үшін қатысушы банктерден ақпарат пен есептер алды. Деректерді өңдеудің автоматтандырылған жүйесінің болмауына байланысты есептердің дұрыстығын тексеру және қатысушы банктерден келіп түсетін барлық ақпарат үшін жиынтық деректерді қалыптастыру қолмен жүргізілді. Сонымен қатар мәліметтердің дұрыстығына және адами факторға автоматтандырылған бақылаудың болмауына байланысты, банктер көбінесе толық емес, дұрыс толтырылмаған немесе дұрыс емес ақпараттар ұсынды. Бұл үшін Қосылу шартына сәйкес айыппұлдар қолданылды. Осыған байланысты 2019 жылы Қор ҚРҰБ-пен бірге қатысушы банктерден ақпараттар мен есептерді жинау, өңдеу және сақтау үдерісін автоматтандыру және орталықтандыру бойынша жұмыстарды бастады. Сонымен бірге Қор Ұлттық Банктің базасында есептер жинауды автоматтандыруды және есеп-қисап нысандарын реттеу өкілеттігін ҚРҰБ «Екінші деңгейдегі банктердің есеп беру тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну Ережелерін бекіту туралы» қаулының жобасын мақұлдағанға дейін Қордың Директорлар кеңесінің құзырында қалдыруды ұсынды. Осылайша 2019 жылдың қазан айында жүргізілген бірлескен жұмыс аясында «Қаржылық реттеуші статистикалық көрсеткіштер» автоматтандырылған ақпараттық ішкі жүйесі (ААЖ) арқылы ҚРҰБ порталында Қорға ұсынылған банктердің есептері автоматтандырылды.



ТӨЛЕМ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ

20 жыл ішінде кепілдендірілген өтемақы төлеу тетігін жетілдіру мәселесі басым бағыттардың бірі болып қала берді. Қор салымшыларға кепілдік өтемақысын төлеуді бастау мерзімін қысқартуға бастамашы болды. Банк салымшылары – жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлер – кепілдік берілген өтемді банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған күннен бастап 35 жұмыс күні ішінде Қордың арнайы резерві есебінен алады. Қазақстандағы Жүйе төлемді бастау мерзімі қысқарған кезде тиімді болады және әлемдік тәжірибеге жақындайды.

Кепілдік өтемақысын төлеуді бастау мерзімін қысқартудан басқа, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру саласындағы заңнамасына келесі өзгерістер енгізілді:

- депозиттер бойынша қатысушы банкті барлық банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиядан айыру күніне есептелген сыйақыларды кепілдікпен қамту;
- агент банкті таңдау бойынша тендер өткізу тәртібі мен агент банкке қойылатын талаптарды айқындау үшін Қорға өкілеттіктер беру;
- кепілдік берілген өтемді төлеу үшін жасалған агенттік келісімнің қолданылу мерзімінің шектелуін жою;
- банктік құпияға қол жетімділікті кеңейту (банктерге жеке тұлғалардың банк шоттарындағы ақша қалдықтары және олар бойынша есептелген сыйақы туралы ақпарат беру, егер салымшы мен борышкер бір тұлға болса – олардың міндеттемелері туралы ақпарат беруге қатысты);
- уәкілетті органның банкті қаржылық жағдайы тұрақсыз банк санатына жатқызу туралы шешімді жария етуі (мерзімі – 5 жұмыс күні);
- қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айыру туралы уәкілетті органның шешімі жойылған жағдайда Қор төлеген кепілдік берілген өтем сомасын қайтару механизмін енгізу.

КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

Соңғы бірнеше жыл ішінде кепілдендірілген өтемақыларды онлайн сервистер арқылы төлеудің автоматтандырылған жүйелерін жасау мен енгізудегі шетелдік тәжірибелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында озық технологиялық шешімдерді қолдануды жан-жақты зерделеу негізінде Қор онлайн режимінде салымшыларға өтемақы төлеу мүмкіндіктерін іздестіру бойынша белсенді жұмыс істеп келеді.

Сонымен қатар шетелдік тәжірибе көрсеткендей, кепілдік өтемақысын төлеу процесін автоматтандыру есеп айырысу жылдамдығын едәуір арттыра алады, операциялық қателіктерді жояды және тиісті қорғаныс деңгейінде салымшылардың мәліметтерінің сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ сақтандыру уақытасы туындаған кезде төлем үдерісін оңтайландыру және автоматтандыру төлемдер барысында әлеуметтік шиеленісті төмендетудің, Жүйеге деген сенімділікті арттырудың және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады.

Салымшыларға интернет арқылы қашықтықтан кепілдік өтемақысын төлеуге өтініш беруге мүмкіндік беретін төлем үдерісін автоматтандырудың ең озық және сәтті жобаларының бірі – бұл Кореяның депозиттерге кепілдік беру корпорациясының бағдарламалық өнімі. 2018 жылы корейлік корпорация кепілдік өтемақысын төлеу үдерісін автоматтандырудың бас жоспарын құра отырып, Қордың бизнес-үдерісіне сауалнама жүргізді.

Жалпы, Қор бұл бағыттағы жұмысты 2020 жылы, оның ішінде басқа елдердің жетекші технологиялық компаниялары ұсынған баламалы бағдарламалық өнімдерді зерттеуді жалғастыруды жоспарлап отыр.

Кепілдендірілген өтемақы алудың баламалы әдісін енгізу бір мезгілде салымшыға неғұрлым қолайлы жағдай туғызады және салымшылар талап етпеген өтемақы сомалары - «ұйқыдағы шоттар» мәселесін шешеді.



«SALT INSPECT» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖАҢАҚАТУ

2019 жылы Қор ДҚЖ мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, кепілдендірілген салымдар мен кепілдендірілген өтемақы сомалары бойынша міндеттемелерді автоматтандырылған есепке алуды қоса алғанда, Жүйеге қатысушы банкінің Қосылу шартының талаптарына сәйкестігін анықтауға арналған «Salt Inspect» ақпараттық жүйесін жаңартуға белсенді қатысты:

жинақ салымды (депозитті) депозиттердің міндетті кепілдік беру объектілері тізіміне енгізу. Ол бойынша 15 миллион теңге мөлшерінде кепілдік берілген өтеменің максималды сомасы қолданылады;

кепілдік берілген жиынтық өтемі 10 миллионнан 15 миллион теңгеге дейін ұлғайту;

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап салымдар бойынша қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айыру күніне есептелген сыйақыларды Қор кепілдігімен қамту.

Бұл ақпараттық жүйе таратылатын банктен ол лицензиясынан айырылған жағдайда тізілімді

алу жылдамдығында маңызды рөл атқарады және ықтимал қателіктерді жоюға мүмкіндік береді, бұл кепілдік өтемақысын төлеу кезінде салымшылар тарапынан сұрақтардың аз қойылуына септігін тигізеді.

«Salt Inspect» ақпараттық жүйесін жаңартуды аяқтау және 2020 жылы Жүйеге қатысушы банктерінде оны қайта орнату бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

МАКСИМАЛДЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

2019 жылы Қор жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырды. 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қор ұлттық валютадағы депозиттер бойынша ай сайынғы сыйақы мөлшерлемесін белгілеуге көшті. Жауапкершілігі төмен және қысқа мерзімді жоспары бар банктердің нарықта болуы зиянды бәсекелестік пен депозиттік мөлшерлемелердің негізсіз өсуіне себеп болды. Осыған байланысты 2019 жылдың соңында Қор ҚРҰБ-бен бірге депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелердің өсуін шектеу жөніндегі шараларды әзірлеу бойынша жұмысты бастады.

РЕЗЕРВТІҢ МАҚСАТТЫ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ТӘСІЛІН ӨЗГЕРТУ

2019 жылы арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау және оларды жеткілікті бағалау үшін арнайы резерв қаражатының жеткіліксіздік қаупін бағалау тәсіліне келесі өзгерістер енгізілді:

1 екі әдісті қолдануды ескере отырып, қатысушы банктердің дефолт ықтималдығын бағалау (өтпелі матрица мен қатысушы банктің халықаралық рейтингіне негізделген);

2 таратылған/таратылатын банктердің салымшыларына төленген қаражатты қалпына келтіру туралы тарихи мәліметтер негізінде қатысушы банктің таратылуындағы қалпына келтірілмейтін ресурстардың үлесін бағалау;

3 орташа квадратты ауытқуды қолдана отырып, күтпеген шығындарды бағалау;

4 егер Қордың міндеттемелерінің сомасы едәуір өсу тәуекеліне бейім болса, тәуекелдік сомасын түзету;

5 Қазақстан Республикасының банк секторы динамикасының ықтимал жағымсыз сценарийлерін және олардың Қордың кепілдік өтемақысын төлеу жөніндегі міндеттемелері бойынша төлем қабілеттілігіне әсерін қарастыратын стресстестілеу әдіснамасын қосу.



РЕЗЕРВТІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Кепілдік берілген өтемді төлеуге байланысты қаржылық кепілдіктерді жабуға арналған 9 ХҚЕС бойынша резервтерді есептеуді Қор тоқсан сайын Резервті есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырады.

2019 жылы тиісті провизияларды құру мақсатында қатысушы банктердің несиелік тәуекелінің едәуір өсуін уақтылы анықтау мақсатында Қор сапалық көрсеткіштерді есептеу тәсілін өзгертті және несиелік тәуекелділіктің

едәуір өсуіне қосымша өлшемшарттар енгізді (SICR). Осылайша қатысушы банк төлемге қабілетсіз банктер санатына енгенде немесе «Е» тобына өткенде, Қор қаржы құралының бүкіл қызмет ету мерзімі барысында дефолттың туындау тәуекелін бағалайды және ол бойынша күтілетін шығындар дисконтталады (есептеледі).




ДКЖ НЕГІЗГІ
ОҚИҒАЛАР
КҮНТІЗБЕСІ

20 ЖЫЛ
ДИНАМИКАДА





ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ



1999



- ДЮЖ іске қосылуы
- «Қазақстанның жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру қоры» ЖАҚ құрылды
- ДЮЖ құрамына Қазақстан Республикасының 16 ең ірі банктері енді
- Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережелері бекітілді
- Салымның жалпы сомасына 200 мың теңге көлемінде кепілдік беріледі, осы сомадан асатын салымдар үшін сараланған өтемақы жүйесі ұсынылады

2000



Банктердің Жүйеге кіру кезінде алғашқы міндетті күнтізбелік жарнаның мөлшерлемесі 0,375% және міндетті күнтізбелік жарнаның жеке тоқсандық мөлшерлемесі 0,25% мөлшерінде бекітілді.

Қордың бастапқы жарғылық капиталы – 1 млрд теңге.

2002



Кепілдік өтемақысының әртүрлі мөлшері валюта түріне байланысты белгіленеді

Ұлттық валютадағы талап етілмелі салымдар бойынша кепілдік берілген өтеменің ең жоғары мөлшері – 50 мың теңге

2003



Кепілдік өтемінің максималды мөлшері – 400 мың теңге

Міндетті күнтізбелік жарналардың жаңа мөлшерлемелері Жүйеге қатысқан алғашқы екі жыл ішінде 0,25% мөлшерінде және кейінгі жылдары 0,16% мөлшерінде бекітілді.

Қор Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығының (IADI) мүшесі болды

Қордың www.kdif.kz ресми сайты іске қосылды

2004



Қор «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ болып өзгертілді

Қордың инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі кеңейтілді

Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашу мен жүргізуге лицензия алған барлық банктер үшін Жүйеге қатысу міндеттілігі енгізілді

2005



Мәжбүрлеп таратылған «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ салымшыларына кепілдік берілген өтем төлене бастады

Қор әлемдегі 26 елдің қаржы саласы өкілдерінің қатысуымен Алматыда бірінші халықаралық конференция өткізді



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

2006



«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды

Қосылу шарты, Жарналарды анықтау және төлеу ережелері және Қор активтерін инвестициялау ережелері бекітілді

Қордың корпоративтік басқару кодексі енгізілді

2007



Кепілдік өтемінің максималды мөлшері 700 мың теңгеге дейін ұлғайтылды

Қатысушы банктердің жарналарының сараланған мөлшерлемелер жүйесі енгізілді

ҚРҰБ жарғылық капиталды 16 миллиард теңгеге дейін ұлғайтып, жарғылық капиталды кезең-кезеңімен көбейтуді бастай отырып, Қордың қосымша капиталдануын жүзеге асырды.

Мәжбүрлеп таратылған «Валют Транзит Банк» АҚ салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу басталды

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар енді

2008



Қор қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының мөлшерлемесін 25%-ға төмендетті

Қор жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ұсынылатын пайыздық мөлшерлемені белгілей бастады

Банктер базасының Қор талаптарына сәйкестігін белгілеу ережелері бекітілді

Кепілдендірілген өтемақының ең жоғары мөлшері 1 миллион теңгеге дейін өсті, кейінірек 2012 жылға дейінгі дағдарысқа қарсы шаралардың бірі ретінде 5 миллион теңгеге дейін өседі

Қор тұрақты негізде «жедел желіні»* іске қосты

2009



Лицензиясынан айырылған банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке беру мүмкіндігі (P&A) заң жүзінде бекітілді

Қор Алматыда IADI Азия-Тынық мұхиты аймақтық комитетінің VII жыл сайынғы отырысын өткізді

2010



Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімділігін бағалаудың IADI әдістемесі негізінде қызметті өзін-өзі бағалау шарасын жүргізеді

Қор IADI Еуразиялық өңірлік комитетіне төрағалық етті

10 қатысушы банктегі кепілдендірілген салымдарды есепке алу бойынша автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігіне қатысты аудит жүргізілді

ҚРҰБ жыл сайын Қордың жарғылық капиталын 10%-ға көбейте бастады

2011



Қор Алматыда IADI Еуразиялық аймақтық комитетінің IV жыл сайынғы отырысын өткізді

Жеке тұлғалардың жаңа тартылған депозиттері бойынша ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесі бекітілді

*2004-2007 жылдар аралығында Қор өткізген жыл сайынғы екі апталық науқан. Оның барысында Қазақстан тұрғындары арнайы мамандарға арнайы нөмір бойынша тегін қоңырау шалып, Қор мамандарынан кеңес алды



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

2012



Кепілдік өтемақысының максималды мөлшері сақталды, ол 5 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды

IADI Еуразиялық аймақтық комитетінің төрағасы ретінде Қордың функцияларын аяқтады

2013



Салымшыларға кепілдік өтемақысын төлеуге жарғылық капиталдың максималды үлесі 50%-дан 70%-ға дейін ұлғайтылды

«S» жаңа арнайы тобы енгізілді, онда Қор ұсынған депозиттердің жоғарғы мөлшерлемесінен асқан банктер үшін жарна мөлшерлемесі 0,5%-ды құрайды

Қор IADI сыйлығын «Депозиттерге кепілдік беру жүйесін кешенді дамыту саласындағы жетістіктері үшін» аталымы бойынша депозиттерге кепілдік беретін ең үздік ұйым ретінде алды

Қор әлеуметтік желілерде өзінің алғашқы ресми парақшаларын ашты

2014



1 қаңтардан бастап Қор өз активтері мен арнайы резервтің активтерін бөлек есепке алуды жүргізуді қолға алып, соңғысының инвестициялық кірісі салық салудан босатылды

Арнайы резервтің мақсатты деңгейі мен мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесі бекітілді

2015



Ұлттық валютадағы салымдар бойынша кепілдік берілген өтемнің шекті мөлшері 10 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды, шетелдік валютадағы депозиттер үшін 5 миллион теңге деңгейінде қалды

Міндетті таратылуы 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2012 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде басталған банктердің салымшылары үшін кепілдік берілген өтемнің ең жоғары мөлшері 5 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды («Валют Транзит Банк» АҚ салымшыларына қосымша төлемдер)

Қор IADI сыйлығын «Салымшыларға кепілдік берілген өтем төлеу және проблемалық банктердің дәрменсіздігін реттеу саласындағы жетістіктері үшін» аталымы бойынша депозиттерге кепілдік беретін ең үздік ұйым ретінде алды.

«SaIT Inspect» ақпараттық жүйесі кепілдендірілген салымдарды есепке алу бойынша банктік мәліметтер базаларының Қосылу шартының талаптарына сәйкестігін құру процестерін автоматтандыру үшін коммерциялық пайдалануға енгізілді.

2016



Халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздық міндеттемелері (облигациялары) минималды «А» несиелік рейтингісімен инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізіміне қосылды

Қор ребрендинг жасады

Дүниежүзілік банк Қазақстандық Жүйеге кешенді тәуелсіз бағалауды жүргізді

2017



Алғаш рет лицензиясынан айырылған «Казинвестбанк» АҚ активтері мен міндеттемелерін «Альфа-Банк» АҚ еншілес банкіне бір мезгілде беру (P&A) операциясы орындалды

Кепілдік өтемақысын төлеу рәсімдерін автоматтандыру үшін «SaIT Payout» ақпараттық жүйесі коммерциялық пайдалануға енгізілді


Қор бұрынғыдай номиналды мөлшерлемелерді емес, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелерін бекітуге/реттеуге көшті

Қор IADI Еуразиялық өңірлік комитетінің жыл сайынғы жалпы жиналысын өткізді

ҚРҰБ соңғы рет Қордың жарғылық капиталын 10%-ға арттырды



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ



2018



Мәжбүрлеп таратылған «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ және «Qazaq Banki» АҚ салымшыларына кепілдік өтемақы төлеу басталады

• Депозиттердің жаңа жіктемесі енгізілді, депозиттердің жаңа түрі – жинақ салым пайда болды

• Ұлттық валютадағы жинақ салымдар бойынша кепілдендірілген өтемақының ең жоғары мөлшері – 15 миллион теңгені құрады

• Жиынтық кепілдік өтемі 10 миллионнан 15 миллион теңгеге дейін өсті

• Қор тоқсан сайын депозиттің түріне, мерзіміне және оны толықтыру құқығына байланысты сараланған максималды мөлшерлемелерді белгілей бастады

• Қордың Консультативтік кеңесіне қатысатын банктер саны 10-нан 12 банкке дейін өсті, сонымен қатар ҚҚҚ тұрақты негізде Кеңес мүшесі болып танылды

• Шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімінен шығарылды

2019



Мәжбүрлеп таратылған «Астана Банкі» АҚ пен «Эксимбанк Қазақстан» АҚ салымшыларына кепілдік өтемақы төлеу басталды

• Қор ай сайын ұлттық валютадағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеуге ауысты және ең жоғарғы мөлшерлемені анықтау тәсілін өзгертті

• Жаңа редакцияда арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесі өзгеріп, арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесі бекітілді


• Қор толыққанды байланыс орталығын іске қосты (1460)

• Қор сақтандыру уақығасын 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап өзгерту туралы бастама көтерді, өтем төлеу мерзімі банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған күннен бастап есептелетін болды

• Қор Алматыда халықаралық конференция өткізді, соның аясында ЕЭО елдерінің депозиттерге кепілдік беру қорлары арасында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды




20 ЖЫЛ ДИНАМИКАДА




ҚОРДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (МЛРД ТЕҢГЕ)


Активтер




Жарғылық капитал




АРНАЙЫ РЕЗЕРВ ЖӘНЕ ТӨЛЕНГЕН ӨТЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ






ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖАРНАЛАРЫ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР



ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДЕГІ ДЕПОЗИТТЕРІ





ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жылдың 31 желтоқсаны	2018 жылдың 31 желтоқсаны
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	38 862 967	35 030 860
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	807 083 915	764 866 793
Дебиторлық берешек	3 570 168	5 726 800
Басқа активтер	275 247	521 827
Материалдық емес активтер	18 723	9 808
Негізгі құралдар	63 658	29 547
АКТИВТЕР ЖИЫНТЫҒЫ	849 874 678	806 185 635
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Бағалау міндеттемелері	33 162 428	55 963 528
Кепілдік берілген өтем төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер	1 327 982	8 001 574
Басқа да міндеттемелер	272 677	1 478 332
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫ	34 763 087	65 443 434
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	235 794 400	235 794 400
Бөлінбеген пайда	76 194 356	7 574 825
Эмиссиялық табыс	133	133
Арнайы резерв	500 764 758	495 014 899
Басқа да резервтер	2 357 944	2 357 944
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ	815 111 591	740 742 201
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ	849 874 678	806 185 635

2020 жылдың 10 наурызында бекітілген және қол қойылған.



ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	2019 ж.	2018 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық табыс	58 015 267	44 530 215
Басқа да ұқсас табыстар	-	13 741
Қатысушы банктердің жарналары бойынша табыс және мәжбүрлеп таратылып жатқан банктердің тарату комиссиясынан келген түсімдер	36 082 475	31 803 844
Мәжбүрлеп таратылған банктердің салымшыларына өтем төлеу бойынша шығындар	(908 027)	(20 681 926)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланған, қаржы активтерін мойындауды тоқтату шығындарын шегергендегі табыстар	(222 585)	(178)
шетелдік валютамен операциялар жүргізу бойынша (таза шығындар) / таза табыстар	(1 871 685)	20 241 169
Кредиттік залалдар бойынша бағалау резерві	(827 214)	(61 368)
Бағалау міндеттемелері бойынша резерв	(14 714 034)	(35 445 679)
Басқа да операциялық табыстар	320	5 330
Әкімшілік және басқа да операциялық шығындар	(934 300)	(672 432)
Активтердің істен шығуына байланысты шығындар	(2 166)	-
Салық салуға дейінгі пайда <i>Пайда салығы бойынша шығыстар</i>	74 618 051 <i>(248 661)</i>	39 732 716 <i>(403 789)</i>
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА	74 369 390	39 328 927
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС	74 369 390	39 328 927



МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қордың меншік иелеріне тиесілі

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатуға арналған бағалы қағаздарды қайта бағалаудағы тапшылық	Резервтік капитал	Арнайы резерв	Бөлінбеген пайда	БАРЛЫҒЫ
2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАЛДЫҚ 9 ХҚЕС-қа (IFRS) көшу:	235 794 400	6	(32 418 847)	2 143 586	459 135 686	4 453 805	669 108 636
- күтілген кредиттік залалдарды қайта бағалау	-	-	-	-	-	(114 336)	(114 336)
- кіріс қалдықтарын қайта жіктеу	-	-	32 418 847	-	-	-	32 418 847
2018 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРҒА ҚАРАЙ ТҮЗЕТІЛГЕН ҚАЛДЫҚ	235 794 400	6	-	2 143 586	459 135 686	4 339 469	701 413 147
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	39 328 927	39 328 927
Басқа да жиынтық табыс	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы 2018 жылғы жиынтық табыс	-	-	-	-	-	39 328 927	39 328 927
Бас компаниямен ақысыз операциялар	-	127	-	-	-	-	127
Резервтік капиталға аудару	-	-	-	214 358	-	(214 358)	-
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта бөлу	-	-	-	-	35 879 213	(35 879 213)	-
2018 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАЛДЫҚ	235 794 400	133	-	2 357 944	495 014 899	7 574 825	740 742 201
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	74 369 390	74 369 390
Басқа да жиынтық табыс	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы 2018 жылғы жиынтық табыс	-	-	-	-	-	74 369 390	74 369 390
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта бөлу	-	-	-	-	5 749 859	(5 749 859)	-
2019 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАЛДЫҚ	235 794 400	133	-	2 357 944	500 764 758	76 194 356	815 111 591



МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	2019 ж.	2018 ж.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША АҒЫНДАРЫ		
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімдері	28 648 001	35 090 521
Тарату комиссиясынан түсетін түсімдер	6 611 639	315 131
Орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түсімдері	7 837 411	6 978 769
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы	29 510 986	24 397 799
Салымшыларға кепілдік берілген өтем төлеу үшін агент банктерге ақша аудару	(43 400 154)	(15 145 045)
Салымшыларға кепілдік берілген өтем төлеу	(1 592)	(31 407)
Басқа да алынған операциялық табыстар	219 458	27 417
Қызметкерлерді ұстау үшін төленген шығындар	(430 216)	(305 324)
Әкімшілік және басқа да төленген операциялық шығындар	(434 922)	(329 099)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ТАЗА АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	28 560 611	50 998 762
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ		
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды сатып алу	(781 807 832)	(2 077 872 551)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, борыштық бағалы қағаздарды өтеу мен сатудан түскен қаражат	757 085 122	1 886 118 680
Негізгі құралдарды сатып алу	(44 941)	(5 871)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(13 180)	-
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ТАЗА АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	(24 780 831)	(191 759 742)
ВАЛЮТА АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ ӨЗГЕРІСІНІҢ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНА ӨСЕРІ	52 327	(1 047 866)
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ӨСУІ/(ТӨМЕНДЕУІ)	3 832 107	(141 808 846)
ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	35 030 860	176 839 706
ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	38 862 967	35 030 860

KDIF ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

**ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2019**